

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ МЕН ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АКАДЕМИЯСЫ НАУКА

МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

1.2002



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ,
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

1 (131)

ҚАҢТАР – АҚПАН 2002
ЯНВАРЬ – ФЕВРАЛЬ 2002

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ

“Ғылым” ғылыми баспа орталығы

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Ғ. САҒИДОЛДА

ТІЛАРАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКВИВАЛЕНТТІЛІК

(қазақ және монғол тілдері материалдары негізінде)

Қазақ -монғол фразеологиялық эквиваленттілігін айқындау ісінде айтарлықтай қиыншылықтардың кездесуіне түркі және монғол фразеографиясының қолға алынбауы, сондай-ақ, түркі және монғол тілдеріндегі сәйкестіктерді фразеологиялық деңгейде зерделеген еңбектердің жоқтығы өз әсерін тигізері сөзсіз. Түркі (қазақ) және монғол тілдерінің фразеологиялық бірліктерін (ФБ) бір тілден екінші бір тілге (монғол тілдерінің біреуінен түркі тілдерінің біреуіне, немесе керісінше) аударып берудің ұста-

нымдарын белгілеу, аударудың амал-тәсілдерін нақтылау сияқты мәселелердің өлі де зерттеудің күн тәртібінен орын ала қоймауы қазақ-монғол фразеологиялық эквиваленттілігін айқындауды қиындата түсері дау-сыз. Әйтсе де, қазақ және монғол тілдерінің фразеологизмдерін қатарлас-тыра қоя отырып, бір-бірімен салғастырып, олардағы ортақтықтар мен өзіндік айырмашылықтарды, ұқсастықтар мен сәйкестіктерді сипаттап көрсетіп беру үшін де, тіптен бұлардың табиғатына тереңірек үңілуді мақ-сат тұтып, салыстырмалы талдау жасау үшін де сөзсіз, ең алдымен қазақ-монғол фразеологиялық эквиваленттілігін айқындаудың қажеттілігі туын-дайды. Міне, сондықтан да біз салғастырмалы-салыстырмалы бағыттағы зерттеулерде, аударма және фразеография теорияларында екі басқа тілдің фразеологизмдерінің эмоционалды-экспрессивтілік күшін (бояуын, ренкін) барынша сақтай отыра, оларды құрылымдық-мағыналық, функционал-ды-мазмұндық тұрғыдан сәйкестендіру үшін зерделенетін екі тілдің ФБ-тері арасындағы эквиваленттілік пен дәлме-дәлдік (адекватность) жайлы фразеологтардың тұжырымдарына сүйеніп, қазақ-монғол фразеология-лық эквиваленттілігін айқындауға талпыныс жасаймыз.

Салыстырмалы-салғастырмалы фразеология өзара салыстырылушы (сал-ғастырылушы) тілдердің фразеологиялық бірліктері (ФБ) арасындағы ұқсас-тықтарды, сәйкестіктер мен ортақтықтарды, айырым тұстарды анық көрсетіп бере алатын категория ретінде танылатын эквиваленттілікпен ты-ғыз байланыста болып келеді. Аударма теориясында, фразеография тео-риясында, сондай-ақ салыстырмалы-салғастырмалы бағыттағы зерттеу-лерде айырықша мән берілетін фразеологиялық эквиваленттілік катего-риясы А. В. Кунин, Л. К. Байрамова, Ю. П. Гольцекер, Р. П. Зоривчак, В. Ф. Скнара, Ю. П. Солодуб т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты сөз болады. Ғалымдардың көбісі құрылымы бөтен тілдердің өзінде бірдей немесе ұқсас образға негізделген, құрылымдық - мағыналық және мазмұндық сипат, сыртқы тұлға-түрпат, лексикалық құрам жағы-нан да бір-біріне өте жақын баламалық қатыста болып келетін ФБ-тер орын алатындығын айтады. Мұның себебін Ю. П. Солодуб біріншіден, адам баласының өмірлік тәжірибесі және оның ойлам процесінде көрініс табуындағы ортақтықпен, сондай-ақ араларында ешқашан тікелей тілдік қарым-қатынас орнап көрмеген халықтардың да әлемді бейнелей тануы-ның қайсыбір формаларында біртектестік болатындығымен, екіншіден, жекеленген халықтар арасында, тіптен ірі ареалдар арасында орын тепкен мәдени-тарихи тығыз қарым-қатынастардың нәтижесімен түсіндіреді [1]. М. М. Копыленко екі басқа тілде эквивалент ФБ-дің семантикалық топта-рының болуын тілдер арасында кездесуге тиісті заңды құбылыс ретінде тани отыра, тіл-тілде бір-біріне тәуелсіз бірдей құрылымдардың пайда болуына әр түрлі халықтардың ой қорыту дүниесіндегі образды-ассоциативті типтер менен логикалық процестердің ортақтастығы негіз болғандығын айтады [2]. ФБ-дің бойында ассоциативті байланыстарға де-ген қабілеттіліктің ерен болатындығына көңіл аудара келе Э. С. Азнауро-ва: «Под ассоциациями понимается такая связь представлений, благодаря которой одно представление, появившись в сознании участника коммуни-кации, вызывает другое по сходству, смежности или противоположнос-ти», — дейді [3]. Міне, осылар тақылет адам баласының образды ойлам жүйесінің біртектестігі әр түрлі тілдерде бірдей мазмұнды тілдік бірліктердің

тууына тікелей әсері болатындығы жайлы пікірлерді қолдай отыра, біз қазақ және монғол тілдерінде эквивалент фразеологиялық бірліктердің орын алу себебін түркілер мен монғолдардың ертедегі тарихи-мәдени ортақтастығы мен тілдік байланыстарының қатпарларынан іздестіреміз.

Тілараылық (қазақ, монғол) фразеологиялық эквиваленттер фразеологиялық сәйкестендірудің басты ұстанымдары негізінде, екі тілдің ФБ-терін қатарластыра қоя отырып, бір-бірімен мағыналық, компоненттік құрамдық, құрылымдық-грамматикалық деңгейлерде салыстыру-салғастыру барысында айқындалады. Мұнда сигнификативті-денотативті, субъективті-бағалаушылық мағыналарды, функционалды-стилистикалық және эмоционалды-экспрессивті коннотацияларды өз бойына жинақтайтын, алломорф және изоморф құбылыстарды шектеуде басты анықтаушы болып танылатын мағыналық (семантикалық) деңгейге айырықша назар аударылады [4].

Фразеологиялық эквиваленттілік салғастырмалы-типологиялық бағыттағы зерттеулерде екі тілдің ФБ-тері арасындағы сәйкестіктердің түрлерін көрсету үшін, сондай-ақ екі тілдегі типтес фразеологиялық разрядтар мен микрожүйелерге олардың құрамына енетін ФБ-дің тілараылық эквиваленттілігінің өлшемі (мера МЯЭ) тұрғысынан берілетін сипаттама үшін жұмсалады. А.Д.Райхштейн неміс және орыс тілдерінің ФБ-терін салғастыру барысында **тілараылық фразеологиялық эквиваленттіліктің құрылымдық-мағыналық** (аспектілік және функционалды-мазмұндық қатыстылықтың екеуінің де орын алуына, яғни фразеожасамдық аналогқа байланысты) және **функционалды-мазмұндық** (тек ғана функционалды-мазмұндық қатыстылыққа байланысты) *типтері* тілараылық аспектілік және функционалды-мазмұндық қатыстылықтың өзара әсеріне негізделетіндігін айтады [5].

Фразеологиялық эквиваленттілік аудармада бір тілдің фразеологизмінің бүкіл болмыс-бітімін, мазмұнын екінші тілде мүмкіндігінше дәл сол қалпында жеткізіп беру үшін қолданылатын амал-тәсілдердің ішіндегі ең тиімдісі болып саналады. Аударма теориясында ФБ-дің эквиваленттілігінің 4 белгісі атап көрсетіледі: мағына, лексикалық құрам, стилистикалық бағыт, грамматикалық құрылым.

Белгілі бір тілдің ФБ-ін келесі бір тілге аударып беруге байланысты орын алатын көптеген классификациялардың ішінен Л.К.Байрамованың орыс және татар тілдерінің материалдары бойынша классификациясын басшылыққа ала отыра [6], біз қазақ-монғол фразеологиялық эквиваленттілігінің мынадай түрлерін көрсетеміз: 1) **абсолют эквиваленттер**; 2) **толық эквиваленттер**; 3) **толық емес эквиваленттер**; 4) **фразеологиялық аналогтар**. Қазақ-монғол фразеологиялық эквиваленттілігінің түрін айқындауда екі тілдің ФБ-нің мағыналары, лексикалық құрамдары, образдық негіздері, морфологиялық және синтаксистік деңгейлердегі құрылымдары, стильдік реңкі сияқтылардың арасындағы ұқсастықтың әр түрлі сипаты ескерілері сөзсіз. Мұнда, әсіресе, ең алдымен фразеологизмдердің образдылығына, яғни салыстырылушы ФБ-тердің ортақ, бірдей, ұқсас, мүлдем өзгеше образдармен келуіне айырықша назар аударылады:

а) фразеологизмдердің ортақ образдық модельге негізделуіне лексикалық құрам мен грамматикалық құрылымдағы, фразеологиялық жалпы мағынадағы бірдейліктің ұштасуы **абсолют эквиваленттіліктің**;

ә) грамматикалық көмкерімде өзгешеліктердің болуына қарамастан, бірдей синтаксистік модельге, өте жақын (бірдей) образға негізделген фразеологизмдердің лексикалық құрамдарының толық немесе жартылай сәйкесін, фразеологиялық мағына тұрғысынан бірдей түсіп жатуын толық эквиваленттіліктің;

б) синтаксистік және грамматикалық деңгейлердің мүлдем өзгеше болып келуіне қарамастан, фразеологизмдердің ұқсас образдық негізге құрылып, бірдей фразеологиялық мағына арқалауын толық емес эквиваленттіліктің ;

в) идеялық мазмұнда ғана ортақтықтың болуын, яғни фразеологизмдердің фразеологиялық жалпы мағына тұрғысынан ғана сәйкесе алуын **фразеологиялық аналогтың** басты белгілері деп танымыз, әрі бұл белгілерді тіларалық (қазақ, монғол) фразеологиялық эквиваленттіліктің түрлерін ашалап, айырып көрсетуде ескерілетін алғышарттар ретінде атаймыз.

Қазақ және монғол тілдерінде абсолют эквивалент фразеологизмдер мынадай мағыналық-грамматикалық топтар мен құрылымдық-синтаксистік модельдер бойынша жиірек кездеседі:

1. Етістік мәнді: а) екі сыңарлы, зат есім = етістік модельді ФБ: қаз. тіс қайрау//монғ. шүүд зуух (сөзбе-сөз: «тіс қайрау») — «кектену, өшігу»; қаз. қанжыға майлау//монғ. ганзага тосдох (сөзбе-сөз: «қанжыға майлау») — «олжалы оралу»; қаз. көзін (ығын, жөнін) табу// монғ. нүдий нь олох (сөзбе-сөз: «көзін табу») — «істің ретін, орайын келтіре қою»;

ә) үш сыңарлы, зат есім = зат есім = етістік модельді ФБ: қаз. кісі аузына қарау//монғ. хүний ам харах (сөзбе-сөз: «кісі аузына қарау») — «біреудің не дерін бағу, байқастау»; қаз. жанын аузына тістеу// монғ. амиа амандаа зуух (сөзбе-сөз: «жанын аузына тістеу») — «жан ұшыру»; қаз. отқа түсуден тайынбау// монғ. галд орохоос буцахгүй (сөзбе-сөз: «отқа түсуден тайынбау») — «жанын аямау»; қаз. итке жем болу// монғ. нохойн идэш болох (сөзбе-сөз: «иттің жемі болу») — «тапқан таянғанының біреуге бұйыруы»

2. есім мәнді: а) екі сыңарлы, зат есім = сын есім модельді ФБ: қаз. аяғы ауыр// монғ. хөл хүнд (сөзбе-сөз: «аяқ ауыр») — «екі қабат, жүкті әйел» қаз. ашық ауыз // монғ. ам задгай (сөзбе-сөз: «ауыз ашық») — «аузына сөз тоқтамайтын, жеңіл ауыз адам»;

ә) екі сыңарлы, зат есім = зат есім модельді ФБ: қаз. оң қол// монғ. баруун гар (сөзбе-сөз: «оң қол») — «ең жанашыр, жақын жолдас (көмекші), сенімді серік»; қаз. ит тартыс (керіс, ырын)// монғ. нохой хэрүүл (сөзбе-сөз: «ит керіс») — «ұрыс-керісті, әуре-сарсаң тіршілік»;

Салыстырылушы қазақ және монғол тілдерінің бейнелі фразеологизмдері арасында бірдей образға негізделген, беретін мағынасы екі тілде бір-бірімен дәлме - дәл сәйкес түсіп жататын, лексикалық құрамы жағынан толықтай немесе жартылай үйлесетін, ал морфологиялық және синтаксистік деңгейде азды-көпті айырмашылықтар орын алатын ФБ-тер баршылық. Екі тілдегі мұндай бейнелі тұрақты тіркестерді толық фразеологиялық эквиваленттер ретінде танымыз. Толық фразеологиялық эквиваленттер де абсолют эквиваленттер тәрізді қазақ және монғол тілдеріне ортақ фразеологиялық қорға енеді. Мұндай толық эквиваленттер қатарына қаз. кәрі қойдың жасындай-ақ жас қалу//монғ. хөгшин хонины насгүй болох — сөзбе-сөз: «кәрі қойдың жасысыз болу» = «қарттық әбден жеңу», қаз. атты түсіп қарайтын, жаяу

жатып қарайтын (жан) - монғ. морьтой хүн бууж хармаар, явган хүн сууж хармаар (бүсгүй) - сөзбе-сөз: «атты адам түсіп қарар, жаяу адам жатып қарар (өйел)» = «өте көркем, сұлу жан»; қаз. тірідей етін жеу - монғ. махы нь идэх - сөзбе-сөз: «етін жеу» = «қатты ұрсу, жер-жебіріне жету» сияқты фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Қазақ және монғол тілдеріндегі фразеологизмдер арасындағы толық емес эквиваленттілік фразеологиялық мағына тарапынан сәйкесетін екі тілдің ФБ-нің абстрактілі образдық модельдерінде ұқсастықтың орын алуына, фондық мағынаның біртектілігіне негізделеді. Фразеологизмдердің стильдік бояуының қанықтылығының дәрежесі де, экспрессиялық күші де толық емес эквиваленттерде бірдей болып келеді. Ал салыстырылушы ФБ-дің лексикалық құрамдарының сәйкес келу келмеуіне байланысты толық емес эквиваленттер екі түрлі болады.

1) Екі тілдің фразеологизмдерінің лексикалық құрамдарында ешқандай жақындықтың болмауына қарамастан, бейнелі тұрақты тіркестердің фондық негіздері бірдей болып келеді, образда қандай да бір ұқсастық орын алады. Мәселен, қазақ тіліндегі «*ержету, кәмелетке толу*» дегенді білдіретін **атжалын тартып міну** бейнелі тіркесі мен дәл осы мағынада қолданылатын монғол тілінің **гар нь ганзганд, хөл нь дөрөөнд хүрэх**-сөзбе сөз: «*қолы қанжығаға, аяғы үзеңгіге жету*» бейнелі фразеологизмдерінде бір қарағанда фразеологиялық жиынтық мағынадағы сәйкестіктен өзге еш ұқсастық жоқ сияқты. Бұлардың лексикалық құрамдары да, синтаксистік құрылымдары да, грамматикалық көмкерімдері де мүлдем өзгеше болып келген. Ал осы екі фразеологизмдерге негіз болған образға зер салсақ, **ат жалын тартып міну** де, «*қолы қанжығаға, аяғы үзеңгіге жету*» (**гар нь ганзганд, хөл нь дөрөөнд хүрэх**) де бар ғұмырын ат үстінде өткізіп, атты ер жігіттің қанаты, сенімді серігі санаған көшпелі қазақ-монғолдардың өміртіршілігінен алынған, жылқы малына қатысты образдар. Аттың жалынан тартып ұстап, атқа ырғып міну мен аяқты үзеңгіге салып, қанжығадан ұстап тұрып атқа мінудегі әрекеттер ұқсастығы екі тілдің бейнелі фразеологизмдерінің *бір образдық модельмен* өрілуіне арқау болған. Ер баланың бой-тұрқы біршама өсіп, қолы аттың жалына, я болмаса қанжығаға еркін жететін кезі де — оның 13-14 жасы. ХІХ ғасырдың ортасына дейін қазақтар да, монғолдар да 13-15 жастағы ер баланы ержеткен, кәмелетке толған азамат санап, алыс сапарларға, жорықтарға аттандыра бастаған, басын құрап, отауын тігіп беретін болған. Міне, соған қарағанда ер баланың қолының ат жалына жетуі, я болмаса қанжығаға жетуі ертеректегі түркі-монғолдар үшін *ер жетудің, азамат қатарына қосылудың* өлшемі іспетті болғанға ұқсайды. Егер образ алынған саланың бірдейлігі (жылқы малына қатысты), әрекет ұқсастығы (жалдан, қанжығадан ұстап атқа міну) қазақ тілінің **ат жалын тартып міну** фразеологизмі мен монғол тілінің **гар нь ганзганд, хөл нь дөрөөнд хүрэх** тұрақты тіркестерінде *ұқсас образ* бар екендігін білдірсе, аттың биіктігі ер баланың бойының өсуінің өлшемі болған жағдай салыстырылушы фразеологизмдердің образдық негіздерінің арғы жағындағы *фонда да біртектілік* орын алып жатқандығын көрсетеді.

2) Екі тілдегі фразеологизмдердің прототивтері болушы еркін тіркестердің тура мағыналары арасында «желілестік» болады. Осыған байланысты образдық-фондық негіздері ұқсас болып келген фразеологизмдерде лекси-

калық құрамның, кей жағдайда синтаксистік құрылымның жарым-жартылай сәйкесуі орын алады. Мысалы, қазақ тіліндегі күндіз ойдан, түнде түстен шықпау (кетпеу) мен монғолдың өдрийн бодол, шөнийн зүүд болох (сөзбе сөз: «күндіздің ойы, түннің түсі болу») бейнелі тіркестерінің екеуі де «бір нәрсенің үнемі ойға орала беріп, жан тыныштығын алуын» білдіреді. Қазақ және монғол халықтарының психологиялық таным дүниесіндегі ой менен түс арасындағы тығыз байланысқа деген бірдей көзқарас (фондық біртектілік) қаз. күндіз ойдан, түнде түстен шықпау, монғ. өдрийн бодол, шөнийн зүүд болох («күндіздің ойы, түннің түсі болу») тұрақты тіркестеріндегі ұқсас образдың пайда болуына әсер еткендей. Фразеологиялық жиынтық мағына жағынан бір-бірімен толықтай үйлесетін, бірдей фондық негізбен келген, ұқсас образға құрылған бұл фразеологизмдердің синтаксистік, грамматикалық деңгейлерінде еш ұқсастық жоқ. Әйтсе де, фразеологизмдердің о бастағы еркін тіркестерден өрбитіндігін ескерсек, бұл фразеологизмдердің прототиві—еркін тіркестердің тура мағыналары арасында да, тіркестердің лексикалық құрамдарында да жартылай сәйкестік орын алады (*күндіз-өдер, түн-шөне, ой-бодол, зүүд-түс*).

Синтаксистік құрылымда, образдық-фондық негізде ұқсастық бар, лексикалық құрамдарда жартылай сәйкестік орын алатын, білдіретін мағыналары бірдей болып келетін толық емес эквивалент фразеологизмдер қатарына қаз. жермен жексен ету-монғ. газартай тэгшлэх (сөзбе-сөз: «жермен біртегіс ету») = «ойран-топырын шығару, құрту, күйрету», қаз. жерге тығу-монғ. газар доогуур оруулах (ортол хэлэх) (сөзбе-сөз: «жердің астына кіргізу (кіргізе айту)» = «қатты батырып айту» т.б жатқызуға болады.

Қазақ және монғол халықтарының әр қайсысының тілінде бір-біріне ұқсамайтын образдар, ұғымдар, реалийлер негізінде туындаған, арқалаған образдары, компоненттік құрамдары әр басқа болып келетін, бір-бірімен мазмұн, мағына тарапынан ғана үйлесім тауып жататын фразеологизмдер де молынан кездеседі. Бұлайша бір-бірімен тек ғана білдіретін фразеологиялық жиынтық мағыналары тарапынан сәйкесетін екі тілдің бейнелі фразеологизмдері арасында семантикалық эквиваленттілік (фразеологиялық аналогтар) орын алады. Фразеологиялық аналогтар тіларалық фразеологиялық үйлесімділіктің функционалды-мазмұндық ұстанымына негізделіп өзара сәйкестіріледі, сондай-ақ салыстырылушы тілдердің әрқайсысында дербес, бір-біріне еш тәуелсіз пайда болған фразеологиялық бірліктерді қамтиды. Бір-біріне тек семантикалық эквивалент бола алатын екі тілдің фразеологизмдері, яғни фразеологиялық аналогтар ішкі тілдік түйдектілік қасиеттің (внутриязыковая идиоматичность) басымдылығымен, құрылымдық өзгешеліктің орын алуымен, компоненттік құрам санының әр түрлі болып келуімен сипатталады. Мысалы: қаз. айтқанға көніп, айдағанға жүру-монғ. номхон морины ногт, догшин морины чөдөр болох-сөзбе-сөз: «жуас аттың ноқтасы, асау аттың шідері болу» (біреудің айтқанынан шықпау, дегеніне көне беру), қаз. ит терісін басына қаптау-монғ. турсгы нь хуулж орхих-сөзбе-сөз: «қағанағын сыдырып тастау» (айыбын бетіне басып отырып, масқарасын шығарып ұрсу, балағаттау), қаз. үрерге иті, сығарға биті жоқ-монғ. нохой нүцгэн гахай явган-сөзбе-сөз: «ит жалаңаш, шошқа жаяу» (тақыр кедей) т.б.

Сонымен, қазақ-монғол фразеологиялық эквиваленттілігі дегенді біз осы екі тілдің ФБ-нің грамматикалық-құрылымдық ерекшеліктері, стилистика-

лық сипаттамасы ескерілетін, ортақ, я болмаса ұқсас образға негізделген, жалпы мазмүн және лексикалық құрам тұрғысынан өзара толықтай немесе жартылай сәйкес түсіп жататын фразеологизмдердің семантикалық құрылыстарының тіларалық теңдестігі, пара-парлығы (тождество) деп түсінеміз. Қазақ-монғол фразеологиялық эквиваленттілігінің пайда болу себептерін біз лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың тоғысуынан іздестіреміз. Мұнда тілдік фактор ретінде: 1) түп-тегі түркі-монғол ортақтастығына алып баратын қазақ және монғол тілдерінің төркіндік сипатын (І. Кеңесбаев, Ә. Т. Қайдар; Ш. Ш. Сарыбаев, Б. Базылхан сияқты қазақ-монғол тілдік байланысы мәселесіне қалам тартқан ғалымдар пікірін қолдаймыз); 2) түркі және монғол тайпаларының ұзақ мерзімге созылған өзара үзіліссіз қарым-қатынасының нәтижесі іспетті екі жақты кірмелік құбылысын (XII-XIII ғғ. дейінгі және онан кейінгі кезеңдердегі); 3) белгілі бір тарихи тұстарда (XIII-XIV ғғ. монғол-түркі, XV-XVI ғғ. қазақ-қалмақ) қанат жайған қостілділік сияқтыларды атаймыз. Ал түркі-монғолдардың шаруашылық-тіршілік аясындағы, салт-дәстүрі, жөн-жорасы, ырым-тыйымы, дүниетанымы, сөз саптау мәнері және шешендік өнері саласындағы, яғни түркі-монғолдардың рухани және заттық мәдениеті әлеміндегі көшпелі өмір салты тудырған ортақтықтар менен ұқсас жағдаяттарды қазақ-монғол фразеологиялық эквиваленттілігін тудыруға себепкер болған экстралингвистикалық фактор ретінде танымыз.

Екі тілдің эквивалент фразеологизмдері арасында орын алатын аздықөпті айырмашылықтар қазақ және монғол тілдерінің әр қайсысының жеке дара эволюциялық дамуының нәтижесі болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Солодуб Ю. П. К вопросу о совпадении фразеологических оборотов в различных языках // Вопросы языкознания. 1982. № 2. С. 108.
2. Копыленко М. М. Типология казахских эквивалентов фразеосочетаниям русского языка // Изв. АН КазССР. Сер. филол. Алма-Ата, 1986. № 3. С. 8-15.
3. Азнаурова Э. С. Стилистический аспект номинации словом как единицей речи // Языковая номинация. Виды наименований. М., 1977. С. 92.
4. Арсентьева Е. Ф. Сопоставительный анализ ФЕ, выражающих характер человека в английском и русском языках. АКД. М., 1984.
5. Райхштейн А. Д. Сопоставительный анализ немецкой и русской фразеологии / Для ин-тов и фак. иностр. яз. - Учеб. пособие. М., 1980. С. 29.
6. Байрамова Л. К. Фразеология и перевод // Фразеология и синтаксис. Изд-во Казанского ун-та. 1982. С. 10-11.